


# А И Қ Ы Н

**КӨНЕ ДАСТАН КӨПШІЛІККЕ ЖОЛ ТАРТТЫ**



**Қазақ руханиятына қосылған тағы бір құнды жәдігер оқырманға жол тартты. Хан Абылайдың шөбересі Шәді төре Жәңгірұлы Пайғамбардың ғибратты ғұмыры жайлы «Назым Сияр Шариф» кітабының тұсаукесері болды. Шара «Нұр-Мұбарак» Египет Ислам мәдениеті университетінің конференц залында өтті.**

Оқырманға жаңадан жол тартқан көне дастан — XIX ғасырдың алғашқы жартысында дүниеге келген ақын, ислам ғалымы Шәді төре Жәңгірұлының төте жазумен жазылған бағалы жыры. Абылай ханның шөпшегі болып келетін ғалымның өмірі жайлы сонау Кеңес заманында өз деңгейінде зерттелген. Өз шығармаларымен шығыс мұсылман әлеміне орасан мұра қалдырған тарихи тұлға. Деректерге сүйенсек, ақын жүз мың жолдай өлең-жыр жазған. Соның бір парасымен оқырмандар осы «Назым Сияр Шариф» кітабынан таныса алады. Кітаппен бірге дыбыстық аудио-табақша қосымшасы бірге ұсынылған. Дастанды кирилл әрпімен оқырманға ұсынғандар – оқытушы ұстаз, ардақты ана Нуриниса Абдунаим ханым мен филология ғылымдарының кандидаты, доцент Төрәлі Қыдыр және Сейдмухаммед Абдунаим. Келелі жиын Құран оқумен басталды. Бірінші болып сөз алған «Нұр-Мұбарак» Египет Ислам мәдениеті университетінің ректоры, профессор, доктор Жуда Абдулғани Басюни қазақ даласындағы ислам ілімін үйрететін кітаптарды араб елдері жоғары деңгейде қабылдайтынын жеткізіп, құнды мұраны қайта бастырған жандарға зор алғысын білдірді. Шәді төре – Қазан төңкерісіне дейін қазақ даласындағы баспадан ең көп кітабы шыққан ақын. Қазан, Орынбор, Ташкент баспаларынан «Сияр Шариф», «Хазіреті Мұса мен Перғауын», «Төрт дәруіш» сынды талай діни өлең-дастандары, қиссалары, шежірелері басылып шыққан. Кезінде Шәді шығармашылығы бойынша кандидаттық диссертация қорғаған марқұм, филология ғылымдарының докторы, жазушы Немат Келімбетов 13 кітаптың атын атайды. Кейбір мәліметтер оны жиырмадан асырады. Шәді Пушкиннің «Мыс салт атты» поэмасын қазақшаға аударған. Тіпті роман жазған деген де сөз бар.

– Шәдінің Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің бастамасымен құрылған «Қазыналы Оңтүстік» көптомдық жобасы бойынша үш томы жарыққа шықты. Оның бәрі – академиялық басылымдар. Ал мына кітап жеке адамның қаржысына үш мың данамен өте сапалы, көрнекті болып шығып отыр. Жалпы кітапқа иелік етуге үш адамның құқы бар делінеді. Олар – кітапты жазған адам, яғни автор. Авторы белгісіз қолжазба болатын болса, оны көшіруші. Үшіншісі – сақтаушылар (сандықта, көкейінде). Ата-әжелеріміздің сандығында Құран ретінде сақталған ескіше әдеби кітаптар әлі де болуы мүмкін. Арабша жазылғандықтан, оны оқи алмайтындар Құран деп ұғады. Ұлтқа қызмет етпесе, ғылыми айналымға түспесе, ондай кітаптың сандықта сақталғанынан Лондон кітапханасында тұрғаны артық. Шәді бабамыздың қазақ шежіресін жазған қолжазбасы, өлеңдері солайша сандықтың терең түбінде жатуы да мүмкін, – деді шығыстанушы ғалым Төрәлі Қыдыр.

Төрәлі Қыдырдың айтуынша, Шәді ақын Пайғамбардың ғибратты өмірін өлеңмен жазуы – өлең сөзде қазақ рухына тән ырғақ бар, оған қоса қазақ қара сөзден гөрі өлең сөзді тез қабылдайды. Яғни, халыққа ислам дінін жеткізудің ең тиімді формасы бұл. Сол себепті қазақ ақындары шарифатты өлеңмен жеткізген. «Халық екі кітапты сүйсініп қабылдаған, оның бірі – «Мың бір түн» болса, екіншісі – «Шахнаме». Шәді бұларды да өлеңмен аударған, бірақ Шәдінің «Шахнамасы» бізге жетпеген» деді Төрәлі Қыдыр.

– Шәді төре Ташкентте бастырған кітаптарын түйемен Түркістанға әкеліп, өзі таратады екен. Шәді кітабының құндылығы – дін мен әдебиеттің тоғысуында, – деді «Нұр-Мұбарак» Египет Ислам мәдениеті университетінің проректоры, профессор Шәмшадин Керім. Еуразия ұлттық университеті Дінтану кафедрасының меңгерушісі, профессор Досай Кенжетай:

– Пайғамбарды мадақтамасақ болмайды. Себебі, оны Алланың өзі мадақтап, адамзатқа үлгі еткен. Ал Пайғамбарды өлеңмен мадақтаған Шәді төре «XIX ғасырдағы қазақ

мұсылмандығының айнасы» десе, белгілі дінтанушы, теология ғылымдарының докторы Мұқан Исахан:

– Қазақта төрелер институты болған. Оғыз қағаннан тарап, Шыңғыс ханмен жалғасқан алтын ұрық билеген елдер харизматикалық мемлекеттер атанған. Кенесары ханның туған ағасы Есенгелдінің баласы Жәңгір Кенесары өлген соң кіші әйелі Мәуітіні жеңгедей алып, осы Мәуіті анадан Созақ жерінде 1855 жылы Шәді төре туған. Абылай ханның шөпшегі болып келетін осы Шәді төре Шаян, Қарнақ, Ташкент, Бұхарадағы Көкелташ медреселерін бітіріп, араб, парсы, шағатай тілдерін жетік біліп шығады. Майлықожа, Құлыншақ, Тұрмағамбет, Молда Мұса ақындармен жиі қарым-қатынаста болып, жазбаша айтысқан. Шәдіге дейін де «Сиярлар» жазғандар болған, олар көбіне қазақ жеріне парсы әдебиеті арқылы енген. Оларда әдеби әсірелеулер басым, бояуын тым қалыңдатып, шындықтан ауып кеткен жерлері көп. Шәдінің ерекшелігі, сол қалың бояуды сұйылтып, шындыққа жақындатқан. Сондықтан бұл кітап жауһар еңбек аталады, – деді.

Шәді ақынның өзбек еліне қарай ауғаны, сол жақта көз жұмғаны белгілі болғанмен, ақынның жатқан жері, қабірі осы уақытқа дейін белгісіз болып келген-ді. «Қазақ радиосының» ардагері, белгілі журналист Ғалым Есенсариев Шәді ақын туралы Қазақ радиосының эфирінде бірнеше рет хабар жасағанын, кейін Өзбекстаннан қабірін қалай тапқанын ортаға салды. Қызылорда облысынан телефон шалып хабарласқан Бектай Сүлейменов деген ақсақал Шәді төрені жақсы білетінін, тіпті жастау кезінде қабірін де көргенін айтады. Осыны естіген соң жарғақ құлағы жастыққа тимеген Ғалым Қызылордаға сапар шегіп, Бектай ақсақалмен сөйлесіп, тың деректерге қанығады.

Бектай ақсақалдың айтуынша, өзінің ағасы Жүсіпбек Шәдімен бірге Түркістан маңындағы Қарнақ медресесінде білім алған. Сол ағасы Жүсіпбектен естуі, ал оған Шәдінің айтуы бойынша, ақынды түрмеге қамайды. Бес уақыт намазын қаза қылмайтын ақын таң бозында азан шақырса, түрме есігі өз-өзінен ашылып кетеді екен. Түрме бастығы қорқып, Шәдіні Тәжікстанның Барсакелмес деген жеріне жер аудартады. Кейін Шәдінің артынан Жүсіпбек те жер аударып, Өзбекстанға кетеді. Бір күні Жүсіпбекке өзбектің бір баласы келіп, оны бір кісі шақырып жатқанын айтады. Барса, бір керуен Самарқанға кетіп бара жатыр екен. Сол керуеннің ішінде қатты ауырып, хал үстінде жатқан Шәді Жүсіпбекті іздестіріпті. Жүсіпбек ақынның жолға жарамайтынын біліп, арба іздеп кетеді. Кештетіп келсе, керуен кетіп қалған. Сол жердегі адамдар Шәдінің қайтыс болып кеткенін айтады.

Кейін Жүсіпбекке Шәдінің моласын көрсетеді. Өзбектер басына тал еккен екен. Содан Жүсіпбек Шәдінің басына тас қойып, сол жерге еге болып жүреді. Ашаршылық кезінде елде күш-қуат қайдан болсын, Шәдіні тізеден көміп кете салыпты. Арадан 25 жыл өткенде моланың бір шеті ашылып қалады. Сөйтіп Жүсіпбек бар, сол ауылдың қариялары бар сүйегін қайта жерлеу үшін ашады. Сөйтсе, Шәдінің сақал-шашы мен тырнағы өсіп кеткен. Денесі 25 жылда бұзылмастан сары тап болып жатыр дейді. Құранды көп оқыған адамның ішіне Құран түсіп кетеді де, денесі бұзылмайды деген сөз, сірә, рас болса керек. Содан кейін Жүсіпбек Самарқаннан көк тас әкеліп қойып, белгі соғады. Жүсіпбектің Сейітқасым деген баласы мен Бектай екеуі Өзбекстанға Шәдінің моласын іздеп барады. Таппай жүрсе, бір көктас көмулі жатыр екен. Қазып алып қараса, «Жиһангерұлы Шәді, 1933 жылы қайтыс болған» деп араб тілінде жазылыпты. Олар көктасты түзеп қойып, Құран бағыштап қайтады.

Келген соң Бектай Сүлейменов Шәді туралы мақала жазады. Өкінішке қарай, оны «Оңтүстік Қазақстан» газеті де, Қызылорда мен Жамбылдың облыстық газеттері де баспайды. Коммунистік қызыл заманның кері әсері. Одан бері де 30 жыл өткен...

Сонымен Бектай ақсақал бастап, Ғалым Есенсариев қоштап, біраз кісі жақында сауапты жолға шығады. Көңілде таба аламыз ба деген күдік бар. Құдай оңдағанда, Шәді ақынның қабірі Жызақ облысының Замин ауданында жай тапқан екен. Шәді ақынның жатқан жерін жергілікті тұрғындар «әулиенің» қабірі деп қатты құрметтейтін көрінеді. Қазақстаннан барғандар аяулы ақынның темір шарбақты қабірін тауып, Құран бағыштайды, сол елдің 30-40 адамын жинап шағын ас береді. Басына белгі қояды. Сөйтіп, Шәді ақын ортамызға оралғандай болып, көңілдері жай тауып қайтады.

Жиын соңында «Нұр-Мұбарак» Египет Ислам мәдениеті университетінің ректоры, профессор, доктор Жуда Абдулғани Басюни Шәді ақынның кітабын ортамызға қайта алып келуге септігі тиген жандарға оқу орны атынан мақтау қағаздарын тапсырып, марқұмның рухына арнап ас берді.

**Төреғали ТӘШЕНОВ**